

"Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009 жылғы 24 наурыздағы N 40 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 22 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5642 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2010 жылғы 16 ақпандағы № 31 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2010.02.16 № 31 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 6 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 19 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5140 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2008 жылғы 23 мамырдағы N 77 (1477) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "бұқаралық ақпарат құралдарын" деген сөздер "мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Е.Ж. Бабақұмаровқа" деген сөздер "Ж.Д. Құрманғалиеваға" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартында:

тақырыбындағы "бұқаралық ақпарат құралдарын" деген сөздер "мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 5-тармақтардағы "бұқаралық ақпарат құралдарын" деген сөздер " мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "жұмыс күні" деген сөздер "күн" деген сөзбен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

"бұқаралық ақпарат құралын" деген сөздер "мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алымның мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 968 қаулысына" деген сөздер "Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне " деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді баспасөз басылымын және немесе ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін төленетін алымның мөлшері:

1) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын 1,6 айлық есептік көрсеткішті;

2) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын 4 айлық есептік көрсеткішті құрайды. "

10-тармақтағы "19.00" және "15.00" деген цифрлар тиісінше "18.30" және "14.30" деген цифрлармен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"Бұқаралық ақпарат құралын", "бұқаралық ақпарат құралын", "бұқаралық ақпарат құралының" деген сөздер тиісінше "Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін", "мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін", "мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі ", бас редакторы (редакторы), редакцияның мекен-жайы" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақтағы "215" деген цифрлар "227" деген цифрлармен ауыстырылсын;

16-тармақтағы "Бұқаралық ақпарат құралын" деген сөздер "Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

N 1 Қосымшаның жоғарғы оң бұрышындағы "Бұқаралық ақпарат құралдарын" деген сөздер "Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

N 2 Қ о с ы м ш а д а :

жоғарғы оң бұрышындағы "Бұқаралық ақпарат құралдарын" деген сөздер "Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

Өтініштің мәтінде:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сізден _____ мерзімді баспасөз басылымын немесе
(а т а у ы)

ақпарат агенттігін есепке алуды (қайта есепке алуды, телнұсқа беруді жүзеге асыруды) сұраймын (мерзімді баспасөз басылымы үшін түрі көрсетіледі).";

"БАҚ" деген аббревиатура "мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің"

деген сөздермен ауыстырылсын;
ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

" Е с к е р т у :

Мерзімді баспасөз басылымның түрі деп газет немесе журнал танылады."

2. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед